



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

6. Гугунский Д.А. Парадигма глобального управления в сфере мирного использования космического пространства // Современные проблемы международного космического и воздушного пространства: материалы круглого стола XV Международного конгресса «Блищенковские чтения». Москва, 22 апреля 2017 г. / Отв. ред. А.Х. Абашидзе, А.М. Солнцев, Н.Н. Емельянова. – Москва: РУДН, 2018. – 195 с.

УДК 341.9

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТАҒЫ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Қуанышқали Елжас Мирболатұлы

livefootball@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Заң факультеті

Халықаралық құқық мамандығы

Мпк-31 тобының студенті. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Сейдеш Б.Б

Аңдатпа. Мақалада халықаралық жеке құқықтағы меншік құқығы мен заттық құқық мәселесі талданып, түсіндірілді. Заттық құқықтың пайда болуы мен коллизиялық мәселелері қарастырылды.

Аннотация. В статье анализируется и разъясняется вопрос о правах собственности и правах собственности в международном частном праве. Рассмотрено возникновение вопросов обеспечения и коллизионных вопросы.

Түйін сөз. Меншік құқығы, халықаралық құқық, халықаралық меншік құқығы, халықаралық шарт.

Меншік құқығының жалпы түсінігі мен мазмұны. Меншік мәселесі қазіргі жаһандану заманында алуан түрлі болып келеді. Кез-келген құқық жүйесінде меншік құқығы маңызды орынға ие институты болып табылады және осы институтқа басқа институттардың мазмұны мен нысанын ұсынады. Сол үшін де әлемнің барлық Конституцияларында меншіктің мазмұны ашылған.

Меншік құқығы дегеніміз субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы.

Иелену құқығы дегеніміз мүлікті іс жүзінде иеленуді жүзеге асыруды заң жүзінде қамтамасыз ету.

Пайдалану құқығы дегеніміз мүліктен оның пайдалы табиғи қасиеттерін алудың, сондай-ақ одан пайда табудың заң жүзінде қамтамасыз етілуі. Пайда кіріс, өсім, жеміс, төл алу және өзге нысандарында болуы мүмкін.

Билік ету құқығы дегеніміз мүліктің заң жүзіндегі тағдырын белгілеудің қамтамасыз етілуі.

Меншік иесі өзіне тиесілі мүлікке қатысты өз қалауы бойынша кез келген әрекеттер жасауға, соның ішінде бұл мүлікті басқа адамдардың меншігіне беріп, иелігінен шығаруға, өзі меншік иесі болып қала отырып, оларға мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету жөніндегі өз өкілеттігін тапсыруға, мүлікті кепілге беруге және оған басқа да әдістермен ауыртпалық түсіруге, оларға өзгеше түрде билік етуге құқылы.

Меншік иесінің өз өкілеттілігін жүзеге асыруы басқа тұлғалар мен мемлекеттің құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін бұзбауға тиіс. Құқықтар мен заңды мүдделерді бұзушылық басқа нысандарымен қатар, меншік иесінің өзінің монополиялық және өзге де басымдық жағдайын пайдаланып қиянат жасауынан көрінуі мүмкін.

Меншік иесі өз құқықтарын жүзеге асырған кезде азаматтардың денсаулығы мен айналадағы ортаға келтірілуі мүмкін зардаптарға жол бермеу шараларын қолдануға міндетті.

Меншік құқығының мерзімі шексіз. Заң құжаттарында көзделген реттерде, жағдайлар мен шектерде меншік иесі өз мүлкін басқа адамдардың шектеулі түрде пайдалануына жол беруге міндетті.

Халықаралық жеке құқықтағы меншік құқықтың коллизиялық мәселелері. Көптеген мемлекеттердің заңнамаларында қозғалмайтын мүлік құқығы мен қозғалатын мүлік құқығының арасындағы айырмашылықтар жүргізеді. Қозғалмайтын мүлік қатынастарындағы заңнамаларында, осы мемлекеттердің сот практикасы мен доктринасында, қозғалмайтын мүліктің меншік құқығына сәйкес қағидасын ұстанады және мүліктің орналасқан жерінің заңымен реттеледі. Бұл заң қозғалмайтын мүлікке деген меншік құқығының мазмұнын және мүлікке құқықтың нысаны мен шарттарын өтуін анықтайды [2].

Қозғалатын мүліктің ережесі едәуір күрделі болып келеді. Бұған әдетте: ақша, бағалы қағаздар, көлік құралдары, жеке заттар т.б. құқық талаптары жатады. Осы санаттағы қатынастар кез-келген мемлекеттердің мүліктері заттың орналасқан жердің заңының қағидасы жөніндегі мәні бойынша мәселелері әртүрлі шешіледі. Алайда, қозғалатын мүліктің режимі қатынастарында, жоғары да көрсетілген қағида бойынша шешуші маңызға ие.

Біріншіден, жалпы танылған болып есептелінеді, егер кез-келген мемлекетте зат заңды түрде сол мемлекеттің заңы бойынша меншік белгілі бір тұлғаға өтсе, онда заттың орналасқан жердің өзгеруі, берілген заттың меншік құқығы сол меншік иесімен сақталынады. Сонымен, шетелде иеленген затқа меншік құқығы танылады.

Екіншіден, егер меншік иелену құқығының ауқымдылығы заттың орналасқан жердің заңымен белгіленсе, жалпы танылған болып есептелінеді. Осыдан келіп, заттың бір мемлекеттен басқа мемлекетке өтуі (әсіресе қозғалатын мүлікпен болған кезде), сәйкесінше меншік иелену құқығының мазмұны да өзгереді. Осыдан заттың белгілі бір мемлекетке өтуіне дейін, меншік иеленушінің қандай құқықтарға ие екені ешқандай маңызы жоқ. Затқа деген меншік құқығы, мысалы шетелдіктің өзінің туған жерінде иеленген болып танылса, бірақ бұл құқықтың мазмұны оның мемлекет азаматтығының заңымен емес, заттың орналасқан жердің заңы бойынша анықталады. Сонымен қатар, ереже ретінде, *lex rei sitae* қағидасы жалпы қандай заттар меншік құқығының объектісі бола алады, меншік иеленушінің құқықтары мен міндеттерінің көлемі мен мазмұны және әсіресе жиірек меншік құқығының пайда болуы, ауысуы мен тоқтатылуын анықтайды [3].

Соған қоса, меншік құқығының қатынастарынан шығатын коллизиялық мәселелер жеке халықаралық келісімдерімен де реттелінеді.

«1958 жылғы Халықаралық сатып алу-сату туралы» Гаага Конвенциясы, «1948 жылғы Әуе кемесінде халықаралық құқықты тану туралы» Женева Конвенциясы, 1928 жылғы Бустаманте Кодексі т.б.

1958 жылғы Гаага Конвенциясында меншік құқығының мәселесі шешілген. Бұл Конвенцияда, меншік құқығының ауысуы және заттың, тауардың кездейсоқ жойылуы кезінде, бұл зат немесе тауар орналасқан жердің заңы қолданылады деп жазылған.

1948 жылғы Женева Конвенциясында айтылғандай, меншіктің мәселелері әуе кемесі тіркелінген мемлекеттің заңымен шешіледі [4]. Орталық және Латын Америка мемлекеттері арасындағы қатынастарды реттейтін Бустаманте Кодексінде, меншік құқығының қағидаларының шешілуі заттың орналасқан жері болып табылады. Қозғалатын және қозғалмайтын мүліктің орналасқан жердің заңымен, сонымен қатар осы мүлікке қатысты ескіру мерзімі туралы мәселені реттейді.

Бұл қағида көптеген мемлекеттердің меншік мәселесін реттейтін заңнамаларын анықтаушы болып табылады. ФРГ мен Швейцарияда билік ету ескіру қажеттілігі он жылға белгіленген; бұл мерзім біткеннен кейін ерікті иеленуші бұл заттың иесі болады, яғни бұл егер сол не басқа зат ФРГ немесе Швейцарияда орналасқан болып, басқа мемлекеттің жеке тұлға не, заңды тұлғалары сол затты талап етсе, сот сәйкесінше, Германия немесе

Швейцарияның азаматтық заңнамасын қолданады және Кодекстерде белгіленген билік етудің ескіру шегіне басшылық етеді.

Халықаралық практикада ерекше күрделі жағдайлар, бұл жолдағы тауар шарттың пәні болып табылса. Мысалы, тауар теңіз немесе темір жол арқылы тасымалданса, ал тараптар заттың жолда келе жатқан кезінде оған меншік құқығының ауысуы туралы шарт жасаса, онда қандай құқықты қолдану керек: тауарды жіберген елдің, тауарды тағайындаған немесе заттың орналасқан кез-келген межелі пунктінде? Бұл жағдайда заң затты жіберген жердің заңын қолданады. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 1110-бабына сәйкес, мәміле бойынша жолда келе жатқан қозғалатын мүлікке меншік құқығы және басқа да заттық құқықтар, егер тараптардың келісімінде өзгеше белгіленбесе, осы мүлік жөнелтілген елдің құқығымен анықталады.

Меншік құқығы мен өзге де заттық құқықтарды қорғауға арыз берушінің таңдауы бойынша мүлік тұрған елдің құқығы немесе сот елінің құқығы қолданылады.

Қозғалмайтын мүлікке меншік құқығы мен өзге де заттық құқықтарды қорғауға осы мүлік тұрған елдің құқығы қолданылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тізіліміне енгізілген мүлікке қатысты Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

Шетелде национализациялау заңдарын қолдану. «Национализациялау» - дегеніміз бұл мемлекеттендіру, яғни жеке меншіктің мүлкін алып қою және оны мемлекеттің меншігіне беруі. Национализациялаудың нәтижесінде мемлекеттің меншігіне жеке-дара объектілер емес, экономиканың біртұтас салалары өтеді. Национализациялауды мемлекеттің жалпы шаралары ретінде, әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді жүзеге асыру бойынша мемлекеттің меншігінен жеке объектілерді алып қою шаралары сияқты экспроприацияны және жеке тәртіптік жазалау шаралары сияқты тәркілеуді ажырату керек [8].

Национализациялаудың сипаты кіммен және ол қандай мақсаттарда жүргізілгеніне байланысты болады. 1917-1920 жылдарда жерлердің, банктердің, кәсіпорындар мен сауда мекемелеріне т.б. Кеңес Үкіметімен национализациялау жүргізілген.

Национализациялау бойынша шаралар Шығыс Европа мен Азия елдерінде жүзеге асырылды. Жеке меншік құқығының национализацияланған мүлкі жойылып, және социалистік меншік құқығының мазмұны бойынша жаңадан пайда болған социалистік национализациялауды білдірген. Кейіннен жас мемлекеттер өздерінің экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізгендері үшін колониалды тәуелдіктен босау кезіндегі күресте национализациялау өте маңызды тәсілі болды. Нақты жағдайларға байланысты национализациялау жолымен құрылған мемлекет секторының процесі осы мемлекеттерде әртүрлі болды: шетел капиталына жататын, бір мемлекеттерде тек меншік национализацияланды, ал басқа мемлекеттерде жергілікті жеке капитал да қозғалынды. Национализациялау сондай-ақ жоғары дамыған Батыс елдері қатарында да жүргізілді.

Кез-келген мемлекеттің жеке меншікті национализациялау құқығы, сонымен қатар шетелдіктерге жататын құқықтар халықаралық құқықпен жалпы таныған - мемлекеттердің егеменділік қағидасынан шығады. Национализациялаудың жүзеге асырылуы – бұл мемлекеттің егеменділігін көрсететін нысаны болып табылады.

Әр мемлекет егеменділік күші негізінде, өзінің саяси және экономикалық жүйесін, өзінің меншік құқығының жүйесін белгілейді. Мемлекет меншік құқығының сипаты мен мазмұнын, оның иеленуі, ауысуы және күшін жоғалтуын белгілеу сияқты ерекше құқыққа ие.

Мемлекет өзінің табиғи ресурстары мен байлықтарына ерікті түрде билік ету құқығын қоса алғанда, мемлекеттің национализациялауға деген құқығы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының резолюциясымен бекітілген. Сонымен, 1952 жылғы 21 желтоқсандағы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының өзінің IV сессиясында «Табиғи байлықтар мен ресурстардың еркін эксплуатация құқығы туралы» №626 резолюциясын қабылдады. Мұнда «халық өзінің табиғи байлықтары мен ресурстарына еркін билік ету және оларды еркін эксплуатациялау құқығы олардың ажырамас егемендік құқығы және олар БҰҰ Жарлығының мақсаттары мен қағидаларына сәйкес болып табылады». Резолюцияда барлық мемлекеттерге – БҰҰ-ның

мүшелеріне, сол не өзге мемлекеттердің табиғи байлықтарына байланысты, егеменді құқықтарының жүзеге асырылу мақсатына кедергі болатын тура немесе жанама әрекеттерден ұстану туралы айтылған. Сонымен қатар резолюцияда, шетелдіктердің меншіктерін национализациялауға мемлекеттің құқығын шектей алатын немесе осындай национализациялау шарттарын жүргізуін белгілейтін еді. Алайда, национализациялауды жүзеге асырылуы мемлекеттің ішкі уәкілеттігіне жататындықтан, ешқандай бірде бір халықаралық орган шетелдіктердің меншігін национализациялау бойынша шараларды талқылай алмайды.

Әртүрлі мемлекеттерде национализациялауды жүргізуі тарихи, саяси және экономикалық жағдайларға байланысты, халықаралық жеке құқықтың проблематикасының көзқарасына қарай, национализациялаудың табиғи құқығына бейімді кейбір жалпы түйінді көрсету маңызды болып табылады.

Біріншіден, национализациялаудың әрбір актісі – бұл акт мемлекеттік биліктің актісі; екіншіден, жеке тұлғалардың жазалау мөлшері емес, бұл жалпы сипаттың әлеуметтік-экономикалық мөлшері; үшіншіден, меншік қатынасына қарай ол меншік кімге жататына қарамастан (отандастық немесе шетелдік жеке және заңды тұлғалар) меншікке национализациялау жүзеге асырылынады; төртіншіден, национализациялауды жүргізуші әр мемлекет шетелдіктерге олардың меншіктерін национализациялағаны үшін компенсация төлеу керек пе? ал егер төлеу керек болса, онда қандай мөлшерде төлеу керектігін анықтайды. Көптеген елдерде орын алған, мемлекеттің ішкі заңы компенсацияны төлеудің шарты мен уақытын көрсете алады.

Әр елде коллизиялық нормаларды қолдану күші меншік құқығының пайда болуы мен ауысуы кезінде *lex rei sitae* қағидасы бойынша анықталады. Национализацияланған мүлікке қатысты, шетел соттарымен мәселелерді қарастырған кезінде, национализациялауды жүзеге асырған мемлекеттің заңын қолданылуы жатады. Шетелге шығарылатын национализацияланған мүлікке, мемлекеттің меншік құқығын тануы, халықаралық сауданың жүзеге асырылуының қажетті сілтемесі болып табылады.

«Мекемелердің национализацияланған шетел мүліктерінің тағдыры, - Л.А. Лунц өзінің жұмысында «Халықаралық жеке құқық», - мекеме национализацияланған кезінде сол мекеменің жатқызылған елдің заңымен ғана анықталынады» - деп айқындаған [9].

Кейбір авторлар, национализациялаудың концессиялық шарттың мерзіміне дейін және біржақты тоқтатылуына алып келмеу керектігі туралы айтады. Бұндай аргумент Ұлыбританияда және басқа да елдерде Суэц каналының Египет Компанисымен национализацияланғаннан кейін және өзге жағдайларда да келтірілді. Бұл заңгерлер концессия туралы келісім – бұл *pasta sunt servanda* қағидасы қолданылатын квази халықаралық шарты, және сәйкесінше ол үшін, мұндай шарттың мерзіміне дейін тоқтатылуы национализациялау туралы актінің күшін халықаралық деликт ретінде қарастырылуы қажет екендігін айқындайды.

Қорытынды. Халықаралық сауда тауарларында меншіктің ауысу құқығының қолданылуы туралы 1958 жылғы Гаага Конвенциясы меншік құқығының ауысуына байланысты, *lex rei sitae* қағидасы негізінде емес, міндетті статуты негізінде, яғни тараптардың сыртқы саудадағы сатып алу-сату шартына қолданылатын құқығы сияқты бір қатар мәселелерді шешеді.

Меншікті меншік иесі пайдаланып жарату керек. Сонымен қатар меншік құқығы мен басқа да қозғалмайтын және қозғалатын мүлікке заттық құқықтар осы мүлік орналасқан елдің құқығы бойынша анықталады.

Ал енді өз еліміздің заңнамасына келетін болсақ, Қазақстан Республикасының Конституциясының 6-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі.

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жыл 30 тамыз.

2. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі. А.: 2003 [1], [5],[6],[7].
3. Л.А. Лунц, Международное частное право. М.:70 [3],[9].
4. М.М. Богуславский, Международное частное право. М.:98 [2].
- 5.«1958 жылғы Халықаралық сатып алу-сату туралы» Гаага Конвенциясы.
6. «1948 жылғы Әуе кемесінде халықаралық құқықты тану туралы» Женева Конвенциясы [4].

УДК 341.9

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ДОКТРИНАЛАРДЫҢ АТҚАРАТЫН РӨЛІ

Құл-Мұхаммед Зере

zerekul@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Заң факультеті

Халықаралық құқық мамандығы

Мпк-31 тобының студенті. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Сейдеш Б.Б.

Аңдатпа: Халықаралық жеке құқықтың пайда болу тарихын, құқық және ғылым саласы ретіндегі халықаралық жеке құқықтың проблемаларын және оларды шешу жолдарын қарастыра отырып, қайта қарау және жүйелендіру әрекеті болып табылады.

Түйінді сөздер: Халықаралық құқық, халықаралық жеке құқық, доктриналар, глоссарий, шарттар, Рим құқығы, глоссатор мектебі, постглоссатор, кодекс, заң.

Қазіргі әлемде екі жүзден астам ұлттық заң жүйесі бар. Күн сайын осы мемлекеттердің тұрғындары мен заңды тұлғалар арасында халықаралық жеке құқықтың көмегімен реттелетін қатынастар пайда болады. Маңызды, қазіргі қоғамды ұйымдастырудағы халықаралық жеке құқықты әлемдегі құқықтық жүйелердің алуан түрлілігімен байланысты көптеген қақтығыстардың немесе коллизияларды алдын алу үшін артық болмайды.

Халықаралық жеке құқық қазіргі уақытта пайда болған түрінде жақында пайда болды [1]. Бірінші рет «Халықаралық жеке құқық» термині 1834 жылы алғаш рет әдебиет, ғылым және тәжірибеде пайда болды. Мысалы, тарихта және доктринада Америка Құрама Штаттарының Жоғарғы Сотының мүшесі Джозеф Сторидің аты-жөні бар. Ол оны «Заңнаманың қайшылықтары туралы түсініктеме» жұмысында қолданды. 1841 жылдан бастап «Халықаралық жеке құқық» термині Германиядағы (Шаффнер) ғалымдардың еңбектерінде пайда болды. Содан кейін Франция (Феликс). Орыс ғылымында мәселелерді дамыту Халықаралық жеке құқық ХІХ ғасырдың екінші жартысында салыстырмалы түрде кеш басталды. Халықаралық жеке құқыққа арналған алғашқы арнайы жұмыс. Н.П. Ивановтың жұмысы «Жеке халықаралық құқық негіздері» (1865) деп аталған. Халықаралық құқықтың негізгі бағыты бойынша Ф.Ф. Мартенс «Қазіргі заманғы өркениетті халықтардың халықаралық құқығы» (1896 ж.), Халықаралық жеке құқық мәселелерін жүйеленген түрде баяндап, әзірледі.

Бірақ халықаралық жеке құқықтың пайда болуының алғышарттары ежелгі әлемде, яғни ежелгі Грецияда және ежелгі Римде, пайда болады.

Бұл жұмыс халықаралық жеке құқықтың пайда болу тарихын, құқық және ғылым саласы ретіндегі жеке халықаралық құқықтың проблемаларын және оларды шешу жолдарын қарастыра отырып, қайта қарау және жүйелендіру әрекеті болып табылады.

Ежелгі Грецияда жеке және заңды тұлғалардың арасындағы қарым-қатынастардың барлығы сауда-саттық болып табылады. (Сол уақытта, әрине, бұл ұғымдар болған жоқ, дегенмен). Салыстырмалы түрде кішігірім аумақта көптеген қалалар бар еді, олардың арасындағы белсенді сауда жасау сөзсіз еді. Жүргізілген жаралардың көпшілігі жеке тұлғалар арасындағы сауда-саттық (саудагерлер) болды, сауда-саттық мемлекеттік деңгейде